

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

2023-2024 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№4 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

29 қараша 2023 жыл

Сағат – 15:00

Сәрсенбі

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Академиялық департамент директоры, Ғылым департаментінің директоры, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы.

Күн тәртібінде:

2. Әртүрлі мәселелер:

2.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Куралбаева, регламент 5 минут*)

2.1.1. «Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Мәдениет саласының үздігі Тобагабылова Айжан Жунусовнаның аттестаттау ісін 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Мәдениет саласының үздігі Тобагабылова Айжан Жунусовнаның аттестаттау ісін 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы мәселені қарады.

Сенат хатшысы А.Куралбаева «Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Мәдениет саласының үздігі Тобагабылова Айжан Жунусовнаның аттестаттау ісін 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттарымен, ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Куралбаева: Тобагабылова Айжан Жунусовна университетте 2005 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 30 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 18 жыл. 2023 жылдың 05.05. «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісіне ие болған, 2020 жылдан университеттің қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушысы 2 жыл 10 ай қызметін атқаруда.

60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша ізденуші Тобагабылова Айжан Жунусовнаның 35 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде процентиі 81% Scopus базасындағы журналында – 1; уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 18; отандық және шетелдік ғылыми журналдарда – 16; жеке авторлығымен жарияланған, көлемі 10,43 және 6,25 баспа табақты 2 оқу құралы жарық көрген.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Спорт және өнер факультетінің деканы, П.ғ.к., профессор Абусейтов Бекахмет Зайнидинұлы сөз алып, «Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Мәдениет саласының үздігі Тобагабылова Айжан Жунусовнаның 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдауы білдірілгенін айтып өтті:

Тобагабылова Айжан Жунусовна университетте 2005 жылдан бері қызмет істеп келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өз ісін жоғары деңгейде атқаруда.

2005 жылдан бүгінгі таңға дейін «Орындаушылық өнер» кафедрасында қызметін атқарып келеді. Студенттерден құралған хор ұжымының дирижері әрі көркемдік жетекшісі. Студенттер арасында өте қадірлі. Ұстаздық мейірімі мен орынды талабымен көзге түсті. Мәдениет саласының дамуына ерекше үлес қосып, елдің мәдениетін дамытудағы ұзақ жылғы еңбегі мен жеке үлесі, мәдениет саласын жетілдіруге белсене қатысқаны үшін 2023 жылы, 21 мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен марапатталған. Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі маман.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Тобагабылова Айжан Жунусовнаның аттестаттау ісін 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұранамын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **Сенат ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1.1. «Орындаушылық өнер» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Мәдениет саласының үздігі Тобагабылова Айжан Жунусовнаның аттестаттау ісі 60400 – Өнер ғылыми бағыты бойынша

қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын.

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы



Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева